

Қаржылық жағдайға шолу және қаржы-экономикалық қызмет нәтижесі

Төменде келтірілген құжат Компанияның операциялық және қаржылық нәтижелерінің түбегейлі өзгерістері мен үрдістерін бағалауға және түсінуге көмектеседі. Аталған шолу Компанияның аудиторлық тексеру жүргізіп, шоғырландырылған қаржылық есебіне негізделген және оны аудиторлық тексеру жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есеппен қоса берілген ескертулермен бірге қарастыру керек. Барлық қаржылық мәліметтер және оларды талқылау Қаржылық Есептің Халықаралық Стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес дайындалған аудиторлық тексеру жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есепке негізделеді. Компанияның есеп саясатына сәйкес, компанияның бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарына салынған инвестициялар үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынатындықтан, соған сәйкес, жеке-жеке шоғырландырылмайды («үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынатын кәсіпорын»).

Жалпы ақпарат

«ҚазМұнайГаз» Барлау. Өндіру» Акционерлік Қоғамы (одан өрі мәтін бойынша «Компания» немесе «ҚМГ БӨ») көмірсутек шикізатын барлаумен, анықтаумен, өндірумен және экспорттаумен, сонымен қатар мұнай-газ активтерін сатып алумен айналысады. Компанияның акциялары мен жаһандық депозиттік қолхаттары Қазақстан және Лондон қор биржаларында айналымда жүр. Компанияның негізгі акционері «ҚазМұнайГаз Ұлттық Компаниясы» Акционерлік Қоғамы (өрі қарай мәтін бойынша «ҚМГ ҰК») Қазақстан өнеркәсібінің мұнай және газ саласындағы мемлекеттік мүдделерін қорғайды. Компанияның мұнай-газ активтерінің негізгі қызметі Каспий маңы ойпатында, Маңғыстау және Оңтүстік-Торғай мұнайлы бассейндерінде атқарылады.

Компанияның мұнай-газ активтерінің 2014 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі негізгі жағдайы төменде келтірілген:

Атауы	Иелік ету үлесі	Негізгі қызметі	Шоғырландыру тәсілі
«Өзенмұнайгаз» АҚ («ӨМГ»)	100%	Шикі мұнай өндіру	Толық шоғырлану
«Ембімұнайгаз» АҚ («ЕМГ»)	100%	Шикі мұнай өндіру	Толық шоғырлану
«ҚМГ БӨ» Барлау активтері» ЖШС («ҚМГ БӨ БА»)	100%	Мұнай-газ барлау	Толық шоғырлану
«Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС («ҚазГӨЗ»)	100%	Газ өндіру және өңдеу	Толық шоғырлану
«БК «Қазгермұнай» ЖШС («ҚГМ»)	50%	Шикі мұнай өндіру	Үлестік қатысу тәсілі
«ПетроҚазақстанИнк» («ПҚИ»)	33%	Шикі мұнай өндіру	Үлестік қатысу тәсілі
«CITIC Canada Energy Limited» («CCEL»)	50%	Шикі мұнай өндіру	Қаржылық актив
«Орал Ойл энд Газ» ЖШС («ООГ»)	50%	Мұнай-газ барлау	Үлестік қатысу тәсілі
«KSEPIInvestments BV» («КС»)	51%	Мұнай-газ барлау	Үлестік қатысу тәсілі

Стратегиялық шолу	04 – 75
Корпоративтік басқару	76 – 91
Шоғырландырылған қаржылық есеп	92 – 133
Акционерлерге арналған ақпарат	134

Шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері

2014 жылдың 31 желтоқсаны б/ша:

4 тоқсан, 2014	3 тоқсан, 2014	4 тоқсан, 2013	Өзгерісі	2014	2013	Өзгерісі
3 111 (194 958)	3 111 31 692	3 161 48 668	-2% Өндіру көлемі (мың тонна)* -501% Таза пайда/ (зиян) (млн теңге)	12 328 47 038	12 388 141 829	0% -67%
(2,86)	0,46	0,71	-503% Базалық және таратылған пайда/ (зиян) бір акцияға (мың теңге)	0,69	2,08	-67%
17 541 -9%	66 888 15%	82 484 27%	-79% EBITDA (млн теңге)** -133% Операциялық рентабельділік (%)***	281 917 17%	308 947 23%	-9% -26%
(81 309)	55 986	69 925	-216% Айналымдық капиталға түзету енгізгенге дейін операциялық қызметтен түскен ақша ағыны (млн теңге)	147 942	184 520	-20%
-13%	2%	4%	-425% Меншікті капиталдың рентабельділігі – ROE (%)	3%	11%	-73%

* Үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынған кәсіпорындардың үлесі пропорционалды түрде ескерілген.

** EBITDA үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынатын кәсіпорындардың табысын, қаржылық табыстары мен Компанияның тозу және амортизациялық операциялары мен ақшалай емес шығындарын пайдадан шегеру жолымен есептеледі.

*** Операциялық рентабельділікке үлестік қатысу тәсілімен есепке алынатын кәсіпорындар қызметі нәтижелерінен келетін табыс, табыс салығы бойынша шығын қаржылық табыстар және арзандату шығындары мен басқа да операциялық шығыстар есепке алынбайды.

Бизнесті жүргізу шарттары

Есепті мерзімде Компанияның қаржылық жағдайына әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторларға мыналар жатады: мұнай бағасының динамикасы, инфляция қарқыны, валюта бағамының өзгерісі, оның ішінде АҚШ долларына шаққандағы теңгенің айырбастау бағамы.

2014 жылы Қазақстанның Ұлттық Банкі (өрі қарай мәтін бойынша «Ұлттық Банк») теңгенің бұрынғы бағамын ұстап

тұрудан бас тарту, валюталық интервенциялар көлемін азайту және теңгенің айырбасталу бағамын қалыптастыру барысына араласуды қысқарту туралы шешім қабылдады. Қаржы нарығы мен экономиканың тұрақсыздығына жол бермеу мақсатында Ұлттық Банк 2014 жылы ақпан айында теңгенің АҚШ долларына қатысты жаңа деңгейін 185 теңге етіп, ал ауытқу дәлізін +/- 3 теңге деп бекітті. 2014 жылы қыркүйек айында Ұлттық Банк теңгенің АҚШ долларына қатысты деңгейін 185 теңге, ал ауытқу дәлізін +3 теңге/-15 теңге етіп бекітті.

4 тоқсан, 2014	3 тоқсан, 2014	4 тоқсан, 2013	Өзгерісі	2014	2013	Өзгерісі
76,58	101,93	109,27	-30% Brent (DTD) орташа бағасы	98,95	108,66	-9%
1,5%	1,1%	1,5%	0% Инфляция деңгейі - Қазақстан (%)	7,4%	4,8%	54%
181,39	182,52	153,80	18% Орташа айырбастау бағамы (1 АҚШ доллары теңгемен)	179,12	152,14	18%
182,35	181,90	153,61	19% Есепті мерзімдегі айырбастау бағамы (1 АҚШ доллары теңгемен)	182,35	153,61	19%

Қаржылық жағдайға шолу және қаржы-экономикалық қызмет нәтижесі жалғасы

Өндірістік қызмет

Кезең бойынша өндіру көлемі – мың тонна

мың тонна



■ ӨМГ ■ ЕМГ ■ ПҚИ (33% үлес) ■ ҚГМ (50% үлес) ■ ССЕЛ (50% үлес)

Орташа тәуліктік өндіру

1 тәулікте мың баррель



■ ӨМГ ■ ЕМГ ■ ПҚИ (33% үлес) ■ ҚГМ (50% үлес) ■ ССЕЛ (50% үлес)

Компанияның бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарының үлесін ескере отырып 2014 жылы шикі мұнай өндіру көлемі 12328 мың тонна немесе тәулігіне 250 мың баррельді құрады. ӨМГ және ЕМГ – тәулігіне 164 мың баррель, ПҚИ үлесі тәулігіне - 34 мың баррель, ҚГМ үлесі тәулігіне – 32 мың баррель және ССЕЛ үлесі тәулігіне - 20 мың баррель.

Бұрғылау қарқынын арттыру және жұмыс істемей тұрған ұңғымалар қорын азайту арқылы ӨМГ 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда өнім өндіру көлемін 120 мың тоннаға көбейтті. ЕМГ бойынша өнім өндіру көлемі 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 1%-ға немесе 18 мың тоннаға азайды.

Есепті кезеңде 2013 жылмен салыстырғанда ПҚИ бойынша өндіру үлесінің 148 мың тоннаға азаюы, ПҚИ-дің кейбір кен орындарындағы қорлардың табиғи сарқылуына байланысты орын алып отыр. 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда ҚГМ бойынша өндіру көлемінің 54 мың тоннаға азаюы да ҚГМ кен орындарындағы қорлардың табиғи түрде тартылуына байланысты. ССЕЛ 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда өнім өндіру үлесін 40 мың тоннаға арттырды. Оған негізінен ұңғымалар қорын көбейту ықпал етті. 2014 жылы ПҚИ, ҚГМ және ССЕЛ-дің жалпы өнім көлеміндегі пропорционалдық үлесі 4 177 мың тоннаны құрады.

Ұңғымалар қоры*, 31/12/2014	2014 ж. енгізілген жаңа ұңғымалар	2013 ж. іске қосылған жаңа ұңғымалар*		КЖӨ			ЖАЖ		Өзгерісі
				2014 ж.	2013 ж.	Өзгерісі	2014 ж.	2013 ж.	
Ұңғымалар саны			Күрделі жөндеуден өткен ұңғымалар саны			Жер астында жөндегендердің саны			
5 082	227	226	ӨМГ	890	853	4%	15 034	14 962	0%
2 759	70	85	ЭМГ	284	298	-5%	3 723	3 663	2%
1 788	114	127	ПҚИ (100%)**	400	512	-22%	1 012	1 397	-28%
220	28	28	ҚГМ (100%)**	44	45	-2%	88	63	40%
3 503	179	154	ССЕЛ (100%)**	255	243	5%	3 577	3 150	14%

* Эксплуатациялық ұңғымалар, айдаушылары қосылған

** БК және қауымдасқан компаниялардағы операцияларға шаққанда 100%

ӨМГ-нің жаңа ұңғымаларды іске қосу арқылы өндіріген мұнай көлемі 374 мың тонна, ал 2013 жылы 272 мың тоннаны құраған болатын. Есепті кезеңде ӨМГ 890 ұңғыманы күрделі жөндеуден өткізу арқылы қосымша 417 мың тонна өндіруді қамтамасыз етті; 2013 жылы 853 ұңғыманы күрделі жөндеуден өткізу қосымша 400 мың тонна өнім өндіруге мүмкіндік берген.

ЕМГ-ның жаңа ұңғымаларды іске қосу арқылы өндіріген мұнай көлемі 73 мың тонна, 2013 жылы 116 мың тоннаны құраған болатын. 2014 жылы 890 ұңғыманы күрделі жөндеуден өткізу арқылы қосымша 87 мың тонна өндіру қамтамасыз етілді; 2013 жылы 298 ұңғыманы күрделі жөндеуден өткізу қосымша 99 мың тонна өнім өндіруге мүмкіндік берді.

Күрделі шығындарға шолу


Осы бөлімде көрсетілген күрделі шығындардың сомасы, есепті кезеңде келіп түскен негізгі құралдар (НҚ) мен материалдық емес активтердің нақты мөлшерін құрайды. Осы есеп бойынша ақша қаражатының шоғырландырылған есебінде ұсынылған сатып алынған негізгі қорлар мен материалдық емес активтердің сомасы, негізгі құралдар мен материалдық емес активтер үшін аванстар мен кредиторлық берешектер бойынша айналымдық капиталдың тиісті шоттарына енгізілген өзгерістердің түсімі болып есептеледі.

ӨМГ, ЕМГ, ОА және басқа да ҚМГ БӨ еншілес ұйымдарының күрделі шығындары

Есепті кезеңде Компанияның күрделі шығындары 128,2 млрд теңгені құрады, бұл 2013 жылға қарағанда 15,7 млрд теңгеге кем. Күрделі шығындардың құрамына жаңа ұңғымаларды бұрғылау, өндірістік нысандардың құрылысы мен қайта құрылыстау, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құны, сондай-ақ өндірістік емес күрделі шығындар кіреді.

ӨМГ-нің 2014 жылғы күрделі шығындары 88,5 млрд теңге, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 4,3 млрд теңгеге кем. Күрделі шығындардың азаюы негізінен негізгі құралдарды сатып алуды азайтумен, эксплуатациялық бұрғылауларды арттырумен және 2014 жылы өндірістік мақсаттағы нысандарды модернизациялау және құрылыс көлемін кәбейтумен байланысты болды.

ӨМГ, ЕМГ, ОА және басқа да ҚМГ БӨ еншілес ұйымдарының күрделі шығындары **Т128 234** МЛН



2013 жылы өндірістік мақсаттағы нысандарды модернизациялау мен құрылыс көлемінің көп болуына байланысты, есепті кезеңдегі ЕМГ күрделі шығындары 33,7 млрд теңгені құрады, бұл 2013 жылға қарағанда 3,1 млрд теңгеге аз.

Орталық аппарат пен басқа да еншілес кәсіпорындардың 2014 жылғы күрделі шығындары 6,0 млрд теңгені құрады, бұл 2013 жылғы шығындардан 8,2 млрд теңгеге кем. Және ол негізінен алдыңғы жылы орталық аппарат деңгейінде іздеу-барлау, бұрғылау құрылыстарының көп мөлшерде болуымен байланысты.

Қаржылық жағдайға шолу және қаржы-экономикалық қызмет нәтижесі жалғасы

Кәсіпорындардың үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынатын күрделі шығындары

Есепті кезеңде ПҚИ бойынша күрделі салымдар сомасы 43,2 млрд теңгені құрады (ҚМГ БӨ үлесі 33%: 14,3 млрд теңге) бұл 2013 жылға қарағанда 27%-ға кем және негізінен есепті кезеңде эксплуатациялық бұрғылау құрылысы көлемінің азаюымен байланысты болып отыр.

ҚМГ-нің 2014 жылғы күрделі шығындары 18,1 млрд теңгені құрады (ҚМГ БӨ үлесі 50%: 9,1 млрд теңге), бұл 2013 жылмен салыстырғанда 3,1 млрд теңгеге артық. Күрделі шығындардың көбеюі Ақсай кен орнын абаттандырумен, негізгі құралдарды көбірек сатып алумен және 2014 жылы өндірістік мақсаттағы нысандарды модернизациялаумен байланысты орын алды.

2014 жылы CCEL бойынша күрделі салымдардың сомасы 17,9 млрд теңгені құрады (ҚМГ БӨ үлесі 50%: 9,0 млрд теңге), бұл 2013 жылға қарағанда 4%-ға артық.


2014 жылы ООГ бойынша күрделі салымдардың сомасы 2,3 млрд теңгені құрады (ҚМГ БӨ үлесі 50%: 1,2 млрд теңге), бұл 2013 жылға қарағанда 83%-ға кем. Негізінен алдыңғы жылдары Рожков кен орнының Федоровский блогындағы геологиялық барлау жұмыстарына көп қаржы жұмсалып, геологиялық барлау бағдарламасының аяқталуына байланысты.

2014 жылы КС бойынша күрделі салымдардың сомасы 2,5 млрд теңгені құрады (ҚМГ БӨ үлесі 51%: 1,3 млрд теңге), бұл 2013 жылға қарағанда 34%-ға аз және 2013 жылы іздеу-барлау жұмыстарына кең ауқымда қаржы бөлумен байланысты.

* Аталған есеп бойынша 2015 жылға арналып ұсынылған ағымдағы күтілетін күрделі шығындардың көлемі есепті әзірлеу уақытындағы басшылықтың есебіне негізделген. Деректер ресми түрде жарияланған міндеттемелер болып саналмайды және алуан түрлі бағытта өзгеруі мүмкін.

Кәсіпорындардың үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынатын күрделі шығындары


Т 34 729 МЛН



1 CCEL (50%)	8 961 млн
2 ҚМГ (50%)	9 082 млн
3 ООГ (50%)	1 155 млн
4 КС (51%)	1 268 млн
5 ПКИ (33%)	14 263 млн
Барлығы	34 729 млн

ӨМГ, ЕМГ және басқа да еншілес кәсіпорындардың 2015 жылға арналған күрделі шығындарының ағымдағы жорамалы


Т 84 182 МЛН



1 Құрылыс-монтаж жұмыстары	24 164 млн
2 Барлау	3 786 млн
3 Эксплуатациялық бұрғылау	38 715 млн
4 Басқа да күрделі шығындар	17 517 млн
Барлығы	84 182 млн

Үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынатын кәсіпорындардың күрделі шығындарының ағымдағы жорамалы (үлеске пропорционалды түрде)

Т 45 547 МЛН



1 Құрылыс-монтаж жұмыстары	17 725 млн
2 Эксплуатациялық бұрғылау	6 176 млн
3 Басқа да күрделі шығындар	6 468 млн
4 Барлау	15 178 млн
Барлығы	45 547 млн

Геологиялық-барлау қызметі

Келесі картада Компанияның 2014 жылдың 31 желтоқсанына дейін бұрғылаған барлау ұңғымаларының нәтижелері мен олардың барлық санының ең ірі барлау жобалары көрсетілген.



○ 12. Солтүстік теңіз
✗ 1 ұңғыма

1. Солтүстік Карповский

730 ш.км 3D Сейсмик
✗ 1 ұңғыма
● 1 ұңғыма

2. Федоровский

Сатып алғаннан кейін:
1014 ш.км 3D Сейсмик
✓ 5 ұңғыма
◆ 1 ұңғыма

Сатып алғанға дейін:
✓ 2 ұңғыма
✗ 2 ұңғыма

3. Лиман

165 ш.км 3D Сейсмик
үз. 1 650 км 2D Сейсмик
✓ 8 ұңғыма
✗ 1 ұңғыма
◆ 1 ұңғыма

4. Тайсойған (тек Бәжір учаскесі)

86 ш.км 3D Сейсмик
үз. 150 км 2D Сейсмик
✓ 1 ұңғыма
✗ 2 ұңғыма

5. P-9

984 ш.км 3D Сейсмик
үз. 3 620 км 2D Сейсмик
✗ 12 ұңғыма

6. Темір

200 ш.км 3D Сейсмик
үз. 975 км 2D Сейсмик

7. Шығыс Жарқамыс-1

200 ш.км 3D Сейсмик
үз. 610 км 2D Сейсмик
✗ 2 ұңғыма

8. Төріскен

Барлау келісімшарты
2014 жылдың 12 мамырында мемлекетке қайтарылды
үз. 900 км 2D Сейсмик

9. ПҚИ барлау блоктары

1 552 ш.км 3D Сейсмик
үз. 3 900 км 2D Сейсмик
✓ 61 ұңғыма
✗ 14 ұңғыма
◆ 9 ұңғыма
● 1 ұңғыма

10. Қаратон-Сарықамыс

160 ш.км 3D Сейсмик
✗ 2 ұңғыма
● 1 ұңғыма

11. Өзен-Қарамандыбас

1үз. 1 500 км 2D Сейсмик
✗ 2 ұңғыма

Шартты белгілер

Барлау жобалары ✓ Ағынды ұңғымалар ✗ Құрғақ ұңғымалар ◆ Сынақтағы ұңғымалар ● Бұрғылаудағы ұңғымалар

Қаржылық жағдайға шолу және қаржы-экономикалық қызмет нәтижесі жалғасы

Төмендегі кесте есепті кезеңдегі Компания мен оның үлестік қатысу тәсілі бойынша есепке алынатын кәсіпорындарының геологиялық-барлау қызметін көрсетеді:

Блок (иелік ету үлесі)	Учаске	Ұңғыма	Есепті кезеңге сай жұмыс жағдайы
Лиман (100%)	Оңтүстік Шығыс Новобогат	Г-8	Ұңғыма 1265 м дейін бұрғыланды. Сынақ аяқталды – ағыны бар. Новобогат О.Ш. кен орнында сынақ түрінде эксплуатациялық жұмыстары жүргізілуде. Лиман блогы бойынша кен орнының мәртебесі барлау түрінде анықталғанымен, геологиялық ақпараттың жеткілікті болуына орай, есеп беру мақсатында өзірлеу санатына ауыстырылатын болады.
Темір (100%)	I Проспект		Есепті мерзімге көлемі 200 ш.км 3D сейсмикалық жұмыстарының нәтижесін талдау аяқталды. Нәтижесінде тұзасты кешенінен бірқатар нысандар бөлініп алынды. Компания ГБЖ жұмыстарын бірлесе жүргізетін өріптестерді тарту мүмкіндігін қарастыруда.
Шығыс Жарқамыс (100%)	Тұсқұм		Болашағы жоқ болғандықтан Компания келісімшарт аумағын мемлекетке қайтару шарасын іске асыруда.
Өзен-Қарамандыбас (100%)	Солтүстік-Батыс, теңге	СЗТ-1	Ұңғыма құрғақ, жойылды.
Тайсойған (100%)	Шығыс Бөжір	Г-3	Ұңғыма құрғақ, жойылды.
Теріскен (100%)	Уаз	У-2	Сынақ аяқталды – ағыны бар.
Р-9 (100%)			Компания келісімшарт аумағын мемлекетке қайтару шарасын 2014 жылдың 12 мамырында аяқтады.
Қаратон-Сарықамыс (100%)		НСВ-1	Компания келісімшарт аумағын мемлекетке қайтару мәселесін қарастыруда
	Меловая	СК-1	Ұңғыманы бұрғылау басталды. Ағымдағы тереңдік - 500 м.
Солтүстік Карповский (КС - 51%)	Орловская центральная	СК-2	Ұңғыма құрғақ, жойылды. Тереңдігін 5750 м жеткізу жоспарланған. Ағымдағы тереңдігі – 5460 м. 3D далалық сейсмикалық жұмыстары 732 ш.км көлемінде орындалды. 3Д мәліметтерін өңдеу мен талдау шаралары аяқталды, алынған нәтижелерге сараптама жүргізілуде.

Стратегиялық шолу	04 – 75
Корпоративтік басқару	76 – 91
Шоғырландырылған қаржылық есеп	92 – 133
Акционерлерге арналған ақпарат	134

Блок (иелік ету үлесі)	Учаске	Ұңғыма	Есепті кезеңге сай жұмыс жағдайы
Федоровский (UOG - 50%)	Рожковское	У-24	<p>Сынақ аяқталды – газ және конденсат ағыны алынды.</p> <p>Барлау лицензиясының мерзімі 2014 жылдың 11 мамырында аяқталды. Федоровский блогын бағалау үшін Энергетика Министрлігінен 2014 жылдың мамыр айынан бастап 2014 жылғы мамыр айына дейін лицензия мерзімін ұзарту туралы алдын ала рұқсат алынды.</p> <p>Сонымен қатар, Компания Рожковское кен орыны бойынша өнім өндіру туралы 2015 жылдың 1 мамырына келісімшарт жасалады деп күтуде.</p> <p>2014 жылдың 13 мамырында Компания башқұрт дәуірінде жиналған қабаттағы У-24 ұңғымасына сынақ жүргізу кезінде, Рожков кен орнындағы таскөмір дәуіріндегі башқұрт ярусында жинақталған жаңа кен қорын тапқанын мәлімдеді. Бұған дейін аталған учаскедегі барлау жұмыстары бобриковский және туднейский горизонттарындағы көмірсутектерін іздеуге бағытталған болатын.</p>
	Солтүстік теңіз – Уайт Беар блогы (35%)		Компания келісімшарт қайтару шарасымен айналысуда.
Досжан-Жамансу (24,75% ПҚИ арқылы)	Оңтүстік Досжан, Оңтүстік Шығыс Досжан		Есепті кезеңде Досжан алаңында 8 барлау және 3 бағалау, ал Жамансу алаңында 1 барлау ұңғымасы бұрғыланды. 100 ш.км жерде 3Д сейсмикалық барлау жұмыстары жүргізілді. 6 ұңғыма ағынды, 2 ұңғыма сынақтан өтуде, 1 ұңғыма бұрғылануда және 3 ұңғыма құрғақ.
Қарағанды (ПҚИ-33%)	Қарабұлақ, Бұхарсай		2 барлау және 5 бағалау ұңғымасы бұрғыланды. 6 ұңғыма ағынды, 1 ұңғыма құрғақ.
Караванчи (ПҚИ-33%)	Караванчи		Есепті кезеңде 2 ұңғыма бұрғыланды: 1 ұңғыма ағынды және 1 ұңғыма құрғақ.

Қаржылық жағдайға шолу және қаржы-экономикалық қызмет нәтижесі жалғасы

Операциялық қызметтердің нәтижелері

Аталған бөлім Компанияның аудиторлық тексеру жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есебіне негізделген. Сомалардың АҚШ долларына ауыстырылуы ақпаратты пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін ғана

жасалды және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есебі мен ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есебінің тиісті кезеңіндегі айырбастау бағамына және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің соңғы кезеңіндегі бағамға сәйкес есептелген.

4 тоқсан, 2014	3 тоқсан, 2014	4 тоқсан, 2013	Өзгерісі	2014	2013	Өзгерісі
(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)				(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)		
155 496	225 829	210 406	-26%	845 770	816 712	4%
(67 280)	(56 136)	(35 869)	88%	(211 900)	(162 035)	31%
(27 136)	(26 012)	(22 484)	21%	(102 568)	(92 360)	11%
(58 402)	(91 632)	(83 174)	-30%	(328 211)	(311 688)	5%
(1 329)	(412)	(2 655)	-50%	(2 127)	(13 125)	-84%
(15 219)	(17 163)	(10 178)	50%	(59 485)	(47 144)	26%
(13 870)	34 474	56 046	-125%	141 479	190 360	-26%
11 466	10 373	11 542	-1%	60 191	50 866	18%
(2 153)	(1 260)	(1 635)	32%	(4 221)	(4 475)	-6%
(228 252)	(983)	(1 537)	100%	(256 683)	(60 099)	327%
(1 535)	4 159	2 320	-166%	11 810	12 492	-5%
1 273	(5 711)	(206)	-718%	108 997	11 216	872%
38 113	(9 360)	(17 862)	-313%	(14 535)	(58 531)	-75%
(194 958)	31 692	48 668	-501%	47 038	141 829	-67%
(5,3)	12,9	25,6	-121%	13,7	21,7	-37%
(74,8)	11,9	22,3	-435%	4,5	16,1	-72%

* 1 тонна мұнай 7,23 баррель деп есептелген.

2014 жылы Компания таза пайдасының едәуір мөлшерде азаюы, негізінен ӨМГ бойынша негізгі қорларды арзандату шығындарын есептеуге байланысты болды, сондай-ақ оған есепті кезеңде теңгенің девальвацияға ұшырауы ықпал етті, нәтижесінде бағам айырмасынан біршама табыс түскенін атап өткен жөн. 2014 жылы 4 тоқсанда таза зиянның орын алуы, негізінен арзандатылған негізгі құралдар бойынша шығындарды

есептеумен және Brent бағасының 2014 жылғы 3 тоқсанда 101,6 АҚШ долларынан 2014 жылы 4 тоқсанда 76,6 АҚШ долларына дейін, оған қоса 2014 жылы желтоқсан айында 1 баррель Brent-тің 62,5 АҚШ долларына дейін арзандауы әсер етті. ӨМГ активтерінің арзандауына сәйкес шығындарды есептеуден пайда болған, кейінге қалдырылған 47 млрд.теңге салық көлемінен келген табыс, 2014 жылы 4 тоқсандағы пайдаға салынатын салық мөлшерін біршама үнемдеуге ықпал етті.

Кірістер

ӨМГ және ЕМГ қызметтерінің нәтижесі бойынша сатылған өнім көлемі мен сату бағасы келесі кестеде көрсетілген:

4 тоқсан, 2014	3 тоқсан, 2014	4 тоқсан, 2013	тоқсан		2014	2013	тоқсан
Мұнайды экспорттық сату							
ӨАС тасымалдау құбыры							
76 491	114 522	118 104	-35%	Сату (млн теңге)	449 931	476 606	-6%
779	879	985	-21%	Көлемі (мың тонна)	3 580	4 061	-12%
98 191	130 287	119 903	-18%	Орташа баға (1 тонна теңгемен)	125 679	117 362	7%
74,87	98,73	107,83	-31%	Орташа баға (1 баррель доллармен*)	97,05	106,70	-9%
КҚК тасымалдау құбыры							
38 263	75 994	67 828	-44%	Сату (млн теңге)	257 009	235 737	9%
390	585	550	-29%	Көлемі (мың тонна)	1 991	1 956	2%
98 110	129 904	123 324	-20%	Орташа баға (1 тонна теңгемен)	129 085	120 520	7%
74,81	98,44	110,91	-33%	Орташа баға (1 баррель доллармен*)	99,68	109,57	-9%
114 754	190 516	185 932	-38%	Мұнай экспорты-барлығы (млн теңге)	706 940	712 343	-1%
1 169	1 464	1 535	-24%	Мұнай экспорты-барлығы (мың тонна)	5 571	6 017	-7%
Мұнай және мұнай өнімдерін ішкі нарықта сату							
20 008	24 357	17 420	15%	Сату (млн теңге)	94 656	79 563	19%
421	504	432	-3%	Көлемі (мың тонна)	1 967	1 967	0%
47 525	48 327	40 324	18%	Орташа баға (1 тонна теңгемен)	48 122	40 449	19%
36,24	36,62	36,26	0%	Орташа баға (1 баррель доллармен*)	37,16	36,77	1%
Мұнайды РФ қарама-қарсы жеткізу							
14 645	2 731	–	100%	Сату (млн теңге)	17 376	–	100%
397	50	–	100%	Көлемі (мың тонна)	447	–	100%
36 889	54 620	–	100%	Орташа баға (1 тонна теңгемен)	38 871	–	100%
28,13	41,39	–	100%	Орташа баға (1 баррель доллармен*)	30,02	–	100%
Жиынтығы							
149 407	217 604	203 352	-27%	Сату (млн теңге)	818 972	791 906	3%
1 987	2 018	1 967	1%	Көлемі (мың тонна)	7 985	7 984	0%
75 192	107 832	103 382	-27%	Орташа баға (1 тонна теңгемен)	102 564	99 187	3%
57,34	81,71	92,97	-38%	Орташа баға (1 баррель доллармен*)	79,20	90,17	-12%
6 089	8 225	7 054	-14%	Басқа кірістер (млн теңге)	26 798	24 806	8%
225 829	210 406		-26%	Кірістер жиынтығы (млн теңге)	845 770	816 712	4%

* 1 тонна мұнай 7,23 баррель деп есептелген.

Қаржылық жағдайға шолу және қаржы-экономикалық қызмет нәтижесі жалғасы


ӨМГ және ЕМГ өндірілген мұнайды негізгі екі бағыт бойынша: «ҚазТрансОйл» АҚ (Қазақстан Республикасында) тиесілі Каспий Құбыры Консорциумы (өрі қарай КҚК) және Өзен-Атырау-Самара (өрі қарай ӨАС) тасымалдау құбырлары арқылы экспорттайды. Сонымен қатар, ӨМГ өндірілген мұнайды ішкі нарықта да сатады, сондай-ақ 2014 жылы үшінші және төртінші тоқсанда үкіметаралық келісім аясында шикі мұнайды Ресей Федерациясына қарама-қарсы түрде жеткізуді қамтамасыз етті.

Жоғарыда аталған экспорттық бағыттар бойынша салыстырмалы түрде пайда табу тасымалдау құбырындағы мұнайдың сапасына, халықаралық нарықтағы негізгі бағаларға және қолданылатын тасымалдау тарифтеріне тәуелді. Сонымен қатар,

тасымалдау құбырлары арқылы жеткізілетін мұнай көлемі Қазақстан Республикасының Энергетика Министрлігімен (өрі қарай – ЭМ) келісілетіндіктен, Компанияның құбырлар арқылы мұнай жеткізу көлемі шектеулі болатынын ескеру керек.

2014 жылы ҚР мен РФ арасындағы үкіметаралық келісімге сәйкес, қарама-қарсы мұнай жеткізу міндеттемелері бойынша Компания Ресей Федерациясына 447 мың тонна мұнай жеткізді. Осыған байланысты, есепті кезеңде ӨАС бағыты бойынша мұнай жеткізу азайды да, КҚК бағыты бойынша мұнай жеткізу көлемі аздап көбейді. РФ қарама-қарсы жеткізілетін мұнай көлемін ҚР Энергетика Министрлігі ай сайын анықтап, белгілеп отырады және дәл осы уақытта Компания 2015 жылы РФ-на мұнай жеткізудің бекітілген кестесін әлі алған жоқ.

Нәтбәк сараптамасы (1 баррель АҚШ долларымен)*



- ренталық салық
- жеңілдіктер
- экспорттық кедендік баж салығы
- сапа банкі
- тасымалдау
- нәтбек
- Баррельдеу бойынша сыйақы
- 2014 жылғы Brent-тің орташа бағасы
- 2013 жылғы Brent-тің орташа бағасы

* Баррельдеудің нақты коэффициенті бойынша қайта есептелген

Стратегиялық шолу	04 – 75
Корпоративтік басқару	76 – 91
Шоғырландырылған қаржылық есеп	92 – 133
Акционерлерге арналған ақпарат	134

2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда Нэтбэктің кемуі негізінен орташа бағамның төмендеуіне байланысты орын алды. 2013 жылы 1 баррель Brent-тің бағасы 108,7 АҚШ долларын құраса, 2014 жылы бұл баға 99 АҚШ долларына дейін арзандады, сонымен қатар ЭКБС-ның артуы да әсер етті (2013 жылы сәуір айында бір тонна мұнайдың ЭКБС 40-60 АҚШ долларын құраса, 2014 жылы сәуір айында бұл көрсеткіш 60-80 АҚШ долларын

құрады), сондай-ақ, оған Brent бағасының арзандауына орай ренталық салықтың азаюы мен жеңілдіктердің кемуі біршама оң әсер етті.

РФ-на қарама-қарсы жеткізілетін мұнайдың сату бағасы ҚР мен РФ арасындағы үкіметаралық келісімге негізделеді.

Өндірістік шығындар

Төмендегі кестеде ӨМГ және ЕМГ қызметтеріне негізделген Компанияның өндірістік шығындарының құрамдас бөліктері көрсетілген:

4 тоқсан, 2014	3 тоқсан, 2014	4 тоқсан, 2013	Өзгерісі		2014	2013	Өзгерісі
				(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)			
37 111	36 925	21 150	75%	Қызметкерлердің сыйақысы	130 367	92 318	41%
10 070	6 331	7 097	42%	Жөндеу және қызмет көрсету	26 781	22 619	18%
6 087	5 280	4 795	27%	Материалдар мен қорлар	20 050	16 920	18%
4 425	4 098	4 023	10%	Электр энергиясының шығыны	16 706	15 908	5%
1 553	1 498	1 458	7%	Көлік шығындары	5 875	5 633	4%
492	267	272	81%	Өңдеу шығындары	1 205	1 099	10%
1 888	(832)	(3 917)	-148%	Мұнай балансының өзгерісі	1 373	727	89%
3 206	–	–	100%	Қоршаған ортаны қалпына келтіру бойынша міндеттемелерді бағалаудың өзгерісі	1 110	–	100%
2 448	2 569	991	147%	Басқа да шығындар	8 433	6 811	24%
67 280	56 136	35 869	88%	Жиынтығы	211 900	162 035	31%
25,8	21,1	16,4	57%	Жиынтығы (сатылған 1 баррель* мұнай АҚШ долларымен)	20,5	18,5	11%

* 1 тонна мұнай 7,23 баррель деп есептелген.

2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда өндірістік шығындар 49,9 млрд теңгеге немесе 31%-ға артты. Шығындардың артуына негізінен қызметкерлер сыйақысының, жөндеу және қызмет көрсету шығындарының, материалдық шығындардың көбеюі, сондай-ақ қоршаған ортаны қалпына келтіру бойынша міндеттемелерді бағалау көрсеткішінің өзгерістері әсер етті.

Қызметкерлердің сыйақысы бойынша шығындар 2014 жылы 2013 жылға қарағанда 41%-ға өсті. Оған Ұжымдық келісімшартқа сәйкес 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап, өндірістік персоналдың еңбекақысын 7%-ға көбейту, Еңбекақы Төлеудің Бірыңғай Жүйесін (ЕТБЖ) енгізу, еңбекақыны қосымша 10%-ға арттыру және көмекші өндірістік персоналдың өндірістік сыйақысын 25%-дан 33%-ға көбейту әсер етті.

Есепті кезеңде 2013 жылмен салыстырғанда жөндеу және қызмет көрсету шығындары 18%-ға көбейді. Оған негізінен қабаттардағы мұнай ағынын арттыру үшін қолданылатын түрлі шараларға байланысты жабдықтарға күтім жасау мен ағынды-серпіліс технологиялары бойынша қызмет көрсету шығындарының артуы себеп болды. Сондай-ақ, Компания 2014 жылдың 4 тоқсанында ластанған учаскелердің экологиялық жағдайын қалпына келтіру бойынша сомасы 1,5 млрд теңге шығынды өз мойнына алды.


Қаржылық жағдайға шолу және қаржы-экономикалық қызмет нәтижесі жалғасы

Материалдар мен қорлар бойынша шығынның 18%-ға артуына, негізінен шикізат пен материалдар бағасының қымбаттауы, арнайы киімдерді сатып алу мен 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда отынға жұмсалатын шығынның артуы себеп болды.


2014 жылдың 2 тоқсанында Компания Бас компанияның (құрамында Компания және ӨМГ) Қоршаған орта және су ресурстары министрлігімен және Мұнай және газ министрлігімен 2014 жылдың маусым айында қол қойылған ынтымақтастық туралы Меморандумға сәйкес, ластанған жерлерді қалпына келтіру мен мұнай қалдықтарын жоюға қатысты экологиялық міндеттемелері бойынша бағалау резервіне өзгеріс енгізді және тиісті провизияны 2,1 млрд теңгеге азайту туралы шешім қабылдады. 2014 жылдың 4 тоқсанында Компания экологиялық міндеттемелер бойынша резервін қайта қарастырып, қосымша 3,2 млрд теңгені резервке есептеп қосты.

Келесі графиктерде ӨМГ мен ЕМГ-нің 1 баррельге жұмсаған лифтинг шығындары АҚШ долларымен көрсетілген:


ӨМГ-нің лифтинг шығындары (1 баррельге АҚШ долларымен)*



ЕМГ-нің лифтинг шығындары (1 баррельге АҚШ долларымен)*



Барлық лифтинг шығындары (1 баррельге АҚШ долларымен)*



* 1 тонна мұнай 7,36 баррель деп есептелген.

Сату және әкімшілік шығыстар бойынша шығындар

Келесі кестеде ӨМГ, ЕМГ және ҚМГ БӨ Орталық аппараты қызметтерінің нәтижесін негізге ала отырып, Компанияның сату және әкімшілік бойынша жұмсалған шығындары көрсетілген:

4 тоқсан, 2014	3 тоқсан, 2014	4 тоқсан, 2013	Өзгерісі		2014	2013	Өзгерісі
(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)					(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)		
16 163	18 643	15 917	2%	Көлік шығындары	68 687	61 810	11%
4 865	4 368	3 784	29%	Қызметкерлердің сыйақысы	16 758	12 986	29%
1 113	1 112	737	51%	Басқару гонорары	4 451	3 750	19%
962	265	(307)	-413%	Айыппұл, өсімпұл	3 592	5 191	-31%
855	282	369	132%	Консультациялық аудиторлық қызметтер	2 188	1 354	62%
392	237	442	-11%	Жөндеу және қызмет көрсету	1 023	1 093	-6%
497	158	389	28%	Әлеуметтік жобалар	933	1 681	-44%
2 289	947	1 153	99%	Басқа шығындар	4 936	4 495	10%
27 136	26 012	22 484	21%	Жиынтығы	102 568	92 360	11%
10,4	9,8	10,3	1%	Жиынтығы (сатылған 1 баррель* мұнай АҚШ долларымен)	9,9	10,5	-6%

* 1 тонна мұнай 7,23 баррель деп есептелген.

2014 жылы сату және әкімшілік шығындар бойынша жұмсалған қаржы 102,6 млрд теңге, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 11%-ға артық. Көлік шығындары, қызметкерлердің сыйақысы мен консультациялық және аудиторлық шығындардың өсуі байқалды.

Көлік шығындарының өсуі негізінен КҚК бағыты бойынша тасымалдау көлемінің артуына және АҚШ долларының теңгеге шаққандағы орташа бағамының өсуіне байланысты орын алды, себебі КҚК тарифінің бір бөлігі АҚШ долларымен есептеледі. Сонымен қатар, көлік шығындарының артуына ОАС бағыты бойынша Ресей мен Қазақстан аумақтарындағы орташа тарифтердің қымбаттауы да өсер етті. Ішкі нарық бойынша КТО тарифтері 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап 50%-ға өскен болса, 2014 жылдың 1 сәуірінен бастап КТО экспорттық бағыттар бойынша тарифін тағы да орташа есеппен 20%-ға арттырды.

2014 жылы қызметкерлердің сыйақысы бойынша шығындар 2013 жылмен салыстырғанда 29%-ға көбейді, оған 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап, өндірістік персоналдың еңбекақысын 7%-ға көбейту, Еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін (ЕТБЖ) енгізу, және еншілес

ұйымдардағы әкімшілік персоналдың еңбекақысын қосымша 10%-ға арттыру себеп болды.

2014 жылы консультациялық және аудиторлық шығындар 2013 жылмен салыстырғанда 62%-ға немесе 0,8 млрд теңгеге көбейді. Оған негізінен Компанияның барлау активтерін ағымдағы бағалау пакеті бойынша сатып алу мен 2014 жылы қорларға қосымша техникалық аудит жасау қызметтері ықпал етті.

Айыппұлдар мен өсімпұлдар 2010–2011 жылдары экологиялық аудиттік тексеру нәтижесінде 1,9 млрд теңге экологиялық айыппұл есептеуге байланысты туындады. 2013 жылы Компания Маңғыстау облысының Салық Департаменті есептеп шығарған сомасы 3,9 млрд теңге экологиялық айыппұлды мойындады. 2014 жылы ӨМГ-ге сомасы 0,4 млрд теңге экологиялық айыппұл, ал ЕМГ-ге 0,2 млрд теңге салықтық айыппұл салынды. 2009–2013 жылдарға жасалған салықтық аудиттің нәтижесіне сәйкес, Компания жаңа салықтық резервтерге қосымша 0,5 млрд теңге қаржы есептеді.

Қаржылық жағдайға шолу және қаржы-экономикалық қызмет нәтижесі жалғасы

Табыс салығынан басқа салықтар бойынша шығындар

Төмендегі кестеде негізінен ӨМГ және ЕМГ қызметтерінің нәтижесі бойынша, Компанияның табыс салығынан басқа салықтарының шығындары көрсетілген:

4 тоқсан, 2014	3 тоқсан, 2014	4 тоқсан, 2013	Өзгерісі		2014	2013	Өзгерісі
(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)				(млн теңге, егер басқаша көрсетілмесе)			
19 960	43 263	44 224	-55%	Ренталық салық	151 861	165 307	-8%
16 858	24 508	22 417	-25%	ПҚӨС	89 840	84 433	6%
16 993	21 465	14 177	20%	Экспорттық кедендік баж салығы	74 227	48 981	52%
1 739	1 644	1 557	12%	Мүлік салығы	6 204	5 473	13%
278	224	103	170%	Қоршаған ортаны ластау төлемі	1 312	4 893	-73%
2 574	528	696	270%	Басқа салықтар	4 767	2 601	83%
58 402	91 632	83 174	-30%	Жиынтығы	328 211	311 688	5%
22,4	34,4	38,0	-41%	Жиынтығы (сатылған 1 баррель мұнай АҚШ долларымен*)	31,7	35,5	-11%

* 1 тонна мұнай 7,23 баррель деп есептелген.

